«Бекітемін»
Амангелді ауылының жалпы орта
білім беретін мектебінің
директорының м.а:____________Е.Ж.Қасенов

**«Ақ тиін»шағын орталығының «Балапан»әр түрлі жас топ балаларына арналған**

**2026-2027 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың процесінің циклограммасы**

**Тәрбиешісі:Кенжебекова А.А.**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**1 апта**

**ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

Апта дәйексөзі
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі 01.09.2026** | **Сәрсенбі 02.09.2026** | **Бейсенбі 03.09.2026** | **Жұма 04.09.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» – «Келіншек» күйін тыңдау.** Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру, әуенді эмоционалды қабылдауын қалыптастыру. | | Баланың көңіл күйін «Көңіл күй смайликтері» арқылы анықтау. Жылы лебіз білдіру. | Балаларды әуенмен қарсы алып, бірге амандасу қимылдарын орындау. | «Бүгін қандай жақсы іс жасайсың?» сұрағы арқылы әңгімеге тарту | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, бір-біріне жақсы тілек айтқызу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді. Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын. | Балаға жылы сөз айтыңыз, құшақтап, «Жақсы күн тілеймін» деп шығарып салыңыз. Көңілді ән тыңдатып немесе ойнақы сөзбен күліп оянуына көмектесіңіз. | Балаға қарапайым тапсырма беріңіз (жастығын жинау, ойыншықты орнына қою). «Сен істей аласың» деп сенім білдіріңіз. | Балаңызбен бірге шағын сурет салыңыз немесе ән айтыңыз. Ойын арқылы сергіту жаттығуларын жасаңыз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | | **«Қоқысты жинаймыз»** Балаларға бөлмедегі қағаз қиындыларын арнайы қорапқа жинау ұсынылады. Тәрбиеші: «Таза жерде ойнау жақсы» | **«Қолымызбен сипаймыз»** Балалар жұмсақ ойыншықты кезекпен сипайды. Тәрбиеші: «Қолымызбен | **«Ойыншықты бөлісеміз»** Тәрбиеші бір ойыншықты екі балаға кезекпен береді. «Алдымен сен, кейін досың» | **«Дәрігер не істейді?»** Тәрбиеші ойыншық дәрігер құралдарын көрсетеді. Қуыршақты «тыңдап», балаларға дәрігердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | деп түсіндіреді. Балалар қоқысты жинап, тазалық сақтауға қатысады. **Таза Қазақстан** | ұрмаймыз, жайлап сипаймыз» деп көрсетеді. Балалар қимылды қайталайды. **Буллингтің алдын алу** | деп түсіндіреді. Балалар кезек күтуді үйренеді. **Буллингтің алдын алу** | адамдарды емдейтінін қарапайым қимылмен көрсетеді. Балалар кезекпен дәрігер болып ойнайды. **Ерте кәсіптік бағдар** |
| **Ертеңгілік жаттығу Гимн тыңдату** | | Балалар күнге қолдарын көтеріп, созылады. Қолдарын жан-жаққа жайып, «құстар ұшты» деп қимыл жасайды. Орындарында секіреді. **Салауатты өмір салты** | Алақандарымен «жаңбыр жауды» деп соғады. Бүйірге жеңіл еңкейеді. Аяқ ұшымен жүреді **Салауатты өмір салты** | «Гүл ашылды» деп қолдарын жайып көрсетеді. Қолдарын қағып «көбелек» ұшады. Жерге отырып-тұрады. **Салауатты өмір салты** | Қолдарын жоғары көтеріп, «күнге қарайды». Жай ғана орнында жүгіріп шынығады. Тізелерін кезек көтереді. **Салауатты өмір салты** |
| **Таңғы ас** | | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пайдалану. Орталықтардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп».** | салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **2 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Ойыншықтар» әні: И. Нүсіпбаев, сөзі Н. Әлімқұлов. Әуенді қысқа бөліктермен тыңдатып, көңілді сипатын сезінуге жағдай жасау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Машина» әні: Қ. Қуатбаев, сөзі Т. Тұяқбаев. Педагогтің көрсетуімен бір бағытта жеңіл жүру, қолды рөл ұстағандай алға созу. Музыкалық ойын: «Шеңбермен жүреміз» әні мен сөзі: Г. Абдрахманова. Балалар педагогтің соңынан шеңбер | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру және төмен түсіру, екі жаққа созу, алақан соғу, орнында жеңіл қадам жасау. Әр қимылды 3–4 рет педагогпен бірге орындау. Негізгі қимылдар: Берілген бағытта 3–4 м жүру, түсті белгіге дейін жетіп тоқтау. Кейін сол бағытпен кері оралу. Қимыл | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созу, жан-жаққа жайып тепе-теңдік сақтау, аяқтың ұшына жеңіл көтерілу, тізені аздап бүгу және қайта тұру. 3 рет қайталау. Негізгі қимылдар: Тура жолмен 3–4 м жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы қайталауда педагог | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Допты екі қолмен кеуде тұсында ұстау, алға созу, жоғары көтеру, төмен түсіру, доппен алақанды жеңіл соғу. 3 рет қайталау. Негізгі қимылдар: Балалар 1–1,5 м арақашықтықта отырып, допты екі қолмен бір-біріне домалатады. Педагог доптың бағытын түзетіп, кезекпен орындауға көмектеседі. Ырғақтық жаттығу: «Домала, домала, досыма бара ғой!» ырғағына сай допты жай домалату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойымен жүреді, музыка тоқтағанда тоқтайды.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Музыка<br>Музыка тыңдау: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев. Шығарманы соңына дейін тыңдату, көңілді сипатын қарапайым сөздермен және қимылмен сезіндіру.<br>Музыкалық жанрмен таныстыру: Ән жанрымен таныстыру: педагог «Ойыншықтар» шығармасының ән екенін түсіндіреді; әнде әуен мен сөз бірге болатынын қарапайым түрде көрсетеді.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. Музыка басталғанда жүру, аяқталғанда тоқтау; педагогтің көрсетуімен алақан соғу, қолды екі жаққа созу.<br>Музыкалық ойын: «Музыка тоқтады» | кезінде денені тік ұстап, асықпай жүруге көңіл бөлу.<br>Ырғақтық жаттығу: «Бір, екі – қадам бас, үш, төрт – тоқтай қал!» сөздеріне сәйкес жүру және тоқтау.<br>Қимылды ойын: «Белгіге жет» — педагог белгілі бір түсті көрсетеді, балалар сол белгіге қарай жүреді, белгі бойынша тоқтайды.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру және төмен түсіру, жан-жаққа созу, қолды белге қою, денені оңға және солға бұру, аяқтың ұшына көтерілу, тізені сәл бүгу және қайта түзу тұру. | жанында жүреді, кейін баланың өздігінен жүруіне мүмкіндік береді.<br>Ырғақтық жаттығу: «Түзу жолмен топ-топ-топ» ырғағымен баяу қадам жасау, жол соңында алақан соғу.<br>Қимылды ойын: «Ойыншыққа жет» — балалар кезекпен түзу жолмен жүріп, ойыншыққа қол тигізіп қайта келеді<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды иыққа қою, шынтақты алға-артқа қозғау, қолды жоғары созып аяқтың ұшына көтерілу, қолды екі жаққа жайып тепе- | Қимылды ойын: «Доп кімге барады?» — аты аталған балаға допты домалату.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Қазақ тілі<br>Сөздік жұмыс: Сәлем, қайырлы таң, балабақша, бала, дос.<br>Сөйлеу жаттығуы: «Сәлемдесейік» жаттығуы: педагог допты бір балаға беріп, «Сәлем, ...!» дейді. Бала допты қабылдап, педагогке немесе құрдасына сәлемдеседі.<br>Сұрақ-жауап: «Бұл кім?» ойыны: педагог балаларды немесе ойыншықтарды көрсетіп, «Бұл кім?» деп сұрайды. Балалар «Бұлбала», «Бұлдос» сияқты қысқа жауап береді.<br>Дидактикалық ойын: «Амандасу шеңбері»балалар кезекпен бір-біріне қарап «Сәлем!» дейді және қол бұлғайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыны әуен жүргенде балалар қимылдайды, әуен тоқтағанда орнында қатып қалады. | Әр жаттығуды 3–4 рет орындау. Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден бірқалыпты жүру; қысқа аралықта аяқтың ұшымен жүру; белгіленген тура жолмен жүріп өту; педагогтің белгісі бойынша тоқтау. Соңында допты екі қолмен 1–1,5 м қашықтықтағы жұбына домалату. Ырғақтық жаттығу: «Бір, екіқадам бас, үш, төрттоқтай қал!» сөздеріне сай қол сермеу, шапалақтау және жеңіл қадамдар орындау. | теңдікті сақтау, жартылай отырып қайта тұру. 3–4 рет қайталау. Негізгі қимылдар: Аяқтың ұшымен 3–4 м жүру; сапта бір-бірден қозғалу; екі сызық арасымен тура жүру; белгі бойынша тоқтап, қалыпты жүріске ауысу. Жұппен отырып допты бір-біріне домалату. Ырғақтық жаттығу: Баяу әуенге «тыныш қадамбиік қадам» алмастыру, қолды жоғары созып аяқ ұшына көтерілу. | |
| **Серуенге дайындық** | | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты** | | |
| **Серуен** | | **Балалардың дербес әрекеті** құмсалғышта құммен еркін ойнау. Қалақпен құмды қазу, ыдысқа салу және төгу. Қалыптарға құм салып, қарапайым пішіндер жасау. Құмның құрғақ және дымқыл күйін қолмен ұстап сезіну.**Қимылды ойын «Қояндар секіреді»** балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша қоянның қимылын қайталап, екі аяқпен секіреді. Белгіленген жерге дейін секіріп бару, тоқтау және қайта оралу. Қимыл белсенділігін, тепе-теңдікті дамыту.**Бақылау, зерттеу** жерге түскен және ағаштағы жапырақтарды бақылау. Жапырақтардың түсі мен пішінінің әртүрлі екенін көрсету. Балаларға жапырақты қолмен ұстап, сипап | **Балалардың дербес әрекеті** дөңгелек пен ойын машиналарын итеріп ойнау. Машинаны алға және артқа қозғалту, дөңгелекті домалату. Ойыншықтардың қозғалысын бақылау, қарапайым қимылдарды өз бетінше орындауға ынталандыру. **Қимылды ойын «Көбелек ұшты»** тәрбиеші нің көрсетуі бойынша балалар қолдарын екі жаққа жайып, көбелектің қанаты сияқты сермеп жүреді. Аланда еркін қозғалып, белгі бойынша тоқтау және қайта қозғалу. Қимыл | **Балалардың дербес әрекеті** үлкен және кіші доптармен еркін ойнау. Допты домалату, итеру, екі қолмен ұстап көру және бір-біріне қарай домалату. Доптың қозғалысын бақылауға, қарапайым қимылдарды қайталауға ынталандыру. **Қимылды ойын «Тақия тастамақ» (жеңілдетілген нұсқа)** балалар шеңбер бойымен отырады немесе тұрады. Тәрбиеші тақияны көрсетіп, бір баланың жанына қояды. Тақияны алған | **Балалардың дербес әрекеті** сырғанаққа тәрбиешінің көмегімен кезекпен көтерілу және сырғанап түсу. Өз кезегін күтуге, қауіпсіз қимыл жасауға және қарапайым ережелерді сақтауға дағдыландыру. **Қимылды ойын «Сырғанайық»** бала лар тәрбиешінің көмегімен кезекпен сырғанақтан сырғанайды. Бірінің артынан бірі қозғалып, кезегін күтуге ынталандыру. Қимыл белсенділігі мен тепе-теңдікті дамыту. **Бақылау, зерттеу** сырғанақты бақылау, оның түсі мен пішініне назар аудару. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша сырғанақтың бөліктерін қолмен көрсетіп, ұстап көру. Үлкен-кіші, жоғары- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көруге, үлкен және кіші жапырақтарды салыстыруға мүмкіндік беру.**Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен аландағы түскен жапырақтарды жинау. Жапырақтарды қолмен жинап, белгіленген себетке немесе ыдысқа салу. Қарапайым еңбек әрекетіне қатысуға және тазалыққа баулу **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** | үйлесімділігін дамыту. **Бақылау, зерттеу** аспандағы бұлттарды бақылау. Бұлттардың қозғалысына, көлемі мен пішінінің әртүрлілігіне назар аудару. Тәрбиешінің көрсетуі арқылы үлкен және кіші бұлттарды ажыратуға ынталандыру. **Еңбекке баулу** ойыннан кейін құмдағы ойыншықтарды тәрбиешінің көмегімен жинау. Қалақ, шелек, қалыптарды тауып, белгіленген орнына қою. Ойыншықтарды жинауға және қарапайым тәртіпті сақтауға дағдыландыру. **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен** | бала тәрбиешінің көмегімен орнынан тұрып, шеңбер бойымен жүреді. Ойын барысында қарапайым қимылдарды қайталауға және белгіге назар аударуға үйрету. **Бақылау, зерттеу** құм бетіндегі әртүрлі іздерді бақылау. Аяқтың, ойыншықтың немесе дөңгелектің ізін көрсету. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен құмсалғыштағы қауіпсіз қоқыстарды жинау. Оларды арнайы ыдысқа салуды көрсету. Қоршаған ортаны таза ұстауға және қарапайым еңбек әрекетіне қатысуға баулу. | төмен ұғымдарын қимыл арқылы таныстыру. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен сырғанақ маңындағы жапырақтар мен ұсақ қауіпсіз қоқыстарды жинау. Оларды белгіленген ыдысқа салу. Аланды таза ұстауға және қарапайым еңбек әрекетіне қатысуға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәртіп», еңбекке баулу | Қауіпсіздік мәдениеті, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп», еңбекке баулу | |
| **Серуеннен оралу** | | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» |
| **Түскі ас** | | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіп сіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | | Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру Салауатты өмір салтына дағдыландыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Салауатты өмір салтына дағдыландыру | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Салауатты өмір салтына дағдыландыру |
| **Бесін ас** | | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br><br>Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Салауатты өмір салтына дағдыландыру | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br><br>Салауатты өмір салтына дағдыландыру |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **2 жастағы балалар:** «Балабақшаға саяхат» Әдіс-тәсіл: STEM «Балабақшамызды құрастырамыз» Тіл дамыту: балабақша, топ, есік, терезе, үстел, орындық, шкаф сөздерін қолдану. | **2 жастағы балалар:** «Біздің топтағы заттар» Әдіс-тәсіл: Квест «Құпия затты тап» Тіл дамыту: жиһаз атаулары: үстел, | **2 жастағы балалар:** «Балабақшадағы тазалық» Әдіс-тәсіл: Тәжірибелік ойын «Тазалық зертханасы» Тіл | **2 жастағы балалар:** Мен балабақшамды жақсы көремін» Әдіс-тәсіл: Шығармашылық фестиваль Тіл дамыту: апта бойы меңгерген зат есім, етістік, сын есімдерді қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Ашу–жабу», «алу–салу» қарама-қарсы әрекеттерін орындату. Үлкен–кіші, биік–аласа сөздерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: балабақша туралы қысқа тақпақты тыңдау, ырғақпен тәрбиеші соңынан қайталау. Кітаптағы суреттерді қызығушылықпен қарау.<br>Сенсорика: ауызша нұсқау бойынша үлкен және кіші текшелерді, қызыл, сары, көк бөлшектерді топтастыру.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Балабақша қандай болады?»<br>STEM-жобалау: «Балабақша макетін жасаймыз»<br>Балаларға: «Ойыншық кейіпкерге жаңа балабақша қажет. Ол қандай болуы керек?» деген мәселе ұсынылады. Балалар топ бөлмесін бақылап, қажетті бөліктерін анықтайды: есік, | орындық, төсек, шкаф.<br>«Орындықты ал–қой», «шкафты аш–жап» әрекеттерін қайталау.<br>Көркем әдебиет: топтағы заттар туралы шағын әңгімені тыңдау, кейіпкердің әрекетіне назар аудару.<br>Сенсорика: жиһаз суреттерін көлеміне қарай үлкен–кіші деп ажырату, үлгіге сүйене отырып орналастыру.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Топтағы заттардың құпиясы»<br>Эксперимент-зерттеу: «Неден жасалған?»<br>Балалар үстел, ойыншық, кітап, пластмасса ыдыс сияқты қауіпсіз заттарды қарап, ұстап, салыстырады.<br>«Қатты ма? | дамыту: сабын, сүлгі, тарақ, тіс щеткасы сияқты жеке бас гигиенасы заттарының атауларын енгізу. «Жуу, сүрту, тарау» әрекеттерін айту.<br>Көркем әдебиет: тазалық туралы қысқа өлеңді тыңдау, қайталанатын сөздерді айту.<br>Сенсорика: гигиена заттарын түсі мен көлемі бойынша топтастыру<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Балабақшадағы бір күн»<br>Логикалық модельдеу: «Не қашан болады?»<br>Балаларға таңертеңгі келу, күндізгі ойын, кешкі үйге қайту, түнгі ұйқы бейнеленген карточкалар беріледі. | Көркем әдебиет: сүйікті тақпақтың жолдарын эмоциямен қайталау.<br>Сенсорика: «Түсін тап», «Үлкенін тап», «Пішінін тап» ойындары.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Досыммен бірге шешемін»<br>Проблемалық жағдаят: «Бір ойыншықекі бала»<br>Балаларға «Екі бала бір ойыншықты қатар алғысы келді. Не істеуге болады?» деген жағдаят ұсынылады. Өз шешімдерін айтады: кезек күту, бөлісу, бірге ойнау.<br>Тіл дамыту: ж–ш, с–з дыбыстарын анық айту; «кезек», «бөлісу», «көмектесу» сөздерін белсенді қолдану.<br>Қазақ тілі: «Кел, бірге ойнайық», «Маған берші», «Рақмет» сөйлеу үлгілері.<br>Көркем әдебиет: достық туралы әңгімені тыңдап, кейіпкердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | терезе, ойын орны, үстел, орындық.<br>Тіл дамыту: суреттер мен нақты заттарды қарастыру кезінде байланыстырып сөйлеу; а–ә, о–ұ дыбыстарын анық айту. «Балабақшада үстел бар», «Терезе үлкен» тәрізді сөйлемдер құрастыру.<br>Қазақ тілі: «Бұл не?», «Бұлесік», «Терезе қайда?» қарапайым диалогтары. Зат атауларын өздігінен қолдану.<br>Математика негіздері: құрылыс бөлшектерін біртекті топтарға бөлу, біреуін бөліп көрсету; ұзын-қысқа, кең-тар бөлшектерді салыстыру; шаршы, үшбұрыш, дөңгелекті тану; бөлшектерді солдан оңға орналастыру.<br>Құрастыру: әртүрлі түсті және пішінді бөлшектерден балабақша макетін жасау. | Жұмсақ па? Ауыр ма? Жеңіл ме?» деген зерттеу сұрақтары қойылады.<br>Тіл дамыту: п–б, к–қ дыбыстарын сөз ішінде айту. Заттың белгісін атап, «Кітап қатты», «Доп жеңіл» деген сөз тіркестерін қолдану.<br>Қазақ тілі: зат атауларын ауызекі сөйлеуде өздігінен қолдану, қарапайым сұраққа жауап беру.<br>Көркем әдебиет: топтағы заттарды ұқыпты пайдалану туралы шағын әңгімені тыңдау, мазмұнын түсіну.<br>Математика негіздері: бірдей және қарама-қарсы заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру.<br>Құрастыру: зерттелген | Оларды ретімен орналастырып, не болып жатқанын айтады.<br>Тіл дамыту: т–д дыбыстары. Оқиғаларды байланыстырып айту: «Таңертең балабақшаға келемін. Күндіз ойнаймын».<br>Қазақ тілі: таңертең, күндіз, кеш, түн сөздерін қарапайым сөйлемде қолдану.<br>Көркем әдебиет: баланың бір күні туралы шағын мәтінді тыңдап, оқиғаның ретін анықтау.<br>Математика негіздері: тәулік бөліктерін тану және атау; суреттерді солдан оңға ретімен орналастыру.<br>Құрастыру: таңғы балабақша мен кешкі үй көрінісін | әрекетін бағалау.<br>Математика негіздері: балаларды жұптау; оң және сол жақта тұрған заттарды анықтау.<br>Құрастыру: екі баладан бірігіп «Достық көпірін» салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бөлшектердің пішінін ескеріп, ойыншықтарға сөре құрастыру. | бөлшектер арқылы модельдеу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | «Сәлемдесу ойыны» Тәрбиеші қуыршақты алып: «Сәлем, сәлем!» дейді. Баладан қуыршаққа қол бұлғауын сұрайды. Қуыршақ: «А-а-а» дейді. Тәрбиеші: «Ал сен де айтшы?» деп баланы дыбысқа еліктетеді. | «Құстың даусы» ойыны Құстың суретін немесе ойыншық құсты көрсетеді. «Құстың даусы қалай шығады? Чик-чик!» дейді. Балаға қайталауға мүмкіндік береді, қайталамаса, тәрбиеші бірге айтып, қолын қанатша қағады. Музыка қосылып, бала құсша қимылдап жүреді. | «Шап-шап, топ-топ» ойыны Тәрбиеші қолын шапалақтап: «Шап-шап!» дейді. Бала да қайталап істейді. Аяқпен жерді тарсылдатып: «Топ-топ!» дейді. Бала да еліктейді. Музыка қосылып, ырғаққа сәйкес қайталайды. | «Доп сөйлейді» ойыны Тәрбиеші допты көрсетіп: «Доп айтады бо-бо-бо» дейді. Допты балаға домалатып береді. Балаға да «бо-бо-бо» деп айтуға ұсыныс жасайды. Әр доп домалағанда дыбысты қайталайды. |
| **Серуенге дайындық** | | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Қауіпсіздік мәдениеті** | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбек ке баулу** | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбе кке баулу** | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | **«Көбелектер мен гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, қиялын дамыту.<br>**Шарты:** Бірнеше бала «гүл» болып, қолдарын жоғары көтеріп, қозғалмай тұрады. Қалғандары «көбелектер» болып, алаңда еркін ұшып жүреді. Тәрбиеші белгі бергенде көбелектер гүлдерге қонады. | **«Аңдарды табу»**<br>**Мақсаты:** Қимыл жылдамдығын, ептілікті дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші алаңда әртүрлі ойыншық аңдарды жасырады. Балалар белгі бойынша жүгіріп, аңдарды тауып, арнайы себетке салады. | «Тордан қашу»<br>**Мақсаты:** Жүгіру, секіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Шарты:** Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян». «Қояндар» белгіленген алаңнан шығып кетпеуі керек, «қасқыр» оларды ұстауға тырысады. | «Жел мен жапырақтар»<br>**Мақсаты:** Табиғи құбылыстарды қимыл арқылы бейнелеу.<br>**Шарты:** «Жел» рөліндегі бала қалған «жапырақтарды» қуып жүреді. Жел соққанда жапырақтар жан-жаққа қашады, жел басылғанда тоқтайды. |
| **Серуеннен оралу** | | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **қауіпсіздік мәдениеті, еңбекке баулу, жауапкершілік, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **Құрастыру:** текше, кірпіштерден балабақша құрастыру. Кірпіштің «тұр», «жатыр» қалпын көрсету.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** балабақша, топ бөлмесі, ондағы заттардың қызметі туралы бастапқы түсінік қалыптастыру. Балалардың бір-бірінің атын атауына жағдай жасау.<br>**Сурет салу:** «Балабақшаға апаратын жол» — көлденең және тік сызықтарды ырғақты жүргізу.<br>**Мүсіндеу:** ермексазбен танысу, алақан арасында домалатып үлкен және кіші доп жасау.<br>**Жапсыру:** фланелеграфта шаршы және үшбұрыштан балабақша бейнесін құрастыру. | **Құрастыру:** кірпіштерден үстел мен орындық құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** әр заттың өз орны мен қызметі бар екенін түсіндіру. Заттарды ұқыпты пайдалануға үйрету.<br>**Сурет салу:** үстелдің бетін білдіретін көлденең сызықтар және аяқтарын білдіретін тік сызықтар жүргізу.<br>**Мүсіндеу:** қуыршаққа арналған тәрелке немесе домалақ тағам жасау.<br>**Жапсыру:** фланелеграфта үстел, орындық және шкафты бөлме ішінде орналастыру. | **Құрастыру:** текшелерден қол жуатын орын немесе шағын сөре құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** жеке бас тазалығының қарапайым ережелерін түсіндіру. Қолды жуу, сүлгімен сүрту дағдысын бекіту.<br>**Сурет салу:** «Сабын көпіршіктері» — тұйықталған дөңгелек сызықтар.<br>**Мүсіндеу:** сабын бейнесін домалату және жалпақтау арқылы жасау.<br>**Жапсыру:** гигиена заттарын фланелеграфтағы сөреге орналастыру | **Құрастыру:** балалардың бірлескен «Балабақша қалашығы».<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** топтағы жолдастарының аттарын атау, бір-біріне көмектесу, ойыншықты бөлісу.<br>**Сурет салу:** «Көңілді балабақша» ортақ суреті.<br>**Мүсіндеу:** топқа арналған түрлі түсті доптар.<br>**Жапсыру:** «Біздің балабақша» ортақ панносы. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға | Бірге ертегі оқып немесе шағын әңгімелесіп, күнін | Жасаған ісі үшін мақтап, «мен сенімен | Қимыл-қозғалыс ойынын ойнаңыз (жүгіріп, секіру, жасырынбақ). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз. Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі). | қорытындылаңыз. «Бүгін сенің ең жақсы істеген ісің не?» деп сұраңыз. | мақтанамын» деп айтыңыз. Тәртіп сақтаудың пайдалы екенін мысалмен түсіндіріңіз. | «Бірге ойнау» маңызды екенін түсіндіріңіз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**2 апта**

**Апта дәйексөзі** «Отбасы -бақыт мекені»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 07.09.2026** | **Сейсенбі 08.09.2026** | **Сәрсенбі 09.09.2026** | **Бейсенбі 10.09.2026** | **Жұма 11.09.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» – «Жастар биі» күйін тыңдау.** Күйдің көңілді әуенін сезінуге, музыкаға қызығушылық танытуға мүмкіндік беру | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. | «Ерке сылқым»күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу | Қазақ күйімен көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаға «Сәлем», «Рахмет», «Сау бол» сияқты қарапайым сөздерді күнделікті әрекет кезінде өзіңіз анық айтып, үлгі көрсетіңіз. Амандасқанда және қоштасқанда қол бұлғау қимылын бірге орындаңыз. | Баланы асықтырмай, сабырмен киіндіріңіз. Киіну кезінде «бас киім», «аяқ киім», «күрте» сияқты күнделікті қолданылатын сөздерді қысқа әрі анық айтып отырыңыз. | Балаңызды күлімсіреп қарсы алып, «Қайырлы таң!», «Жарайсың!», «Сен мықтысың!» сияқты жылы сөздер айтыңыз. Жағымды көңіл-күймен | Балабақша туралы жағымды сөздер айтып, баланың жақсы көңіл-күймен баруына жағдай жасаңыз. «Бақшаға | Балаға «Допты бер», «Ойыншықты әкел», «Мұнда қой» сияқты бір әрекеттен тұратын қарапайым тапсырмалар ұсыныңыз. Орындаған кезде міндетті түрде мақтап, жағымды эмоция білдіріңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балабақшаға шығарып салыңыз. | барамыз», «Балалармен ойнаймыз» сияқты қысқа әрі түсінікті сөйлемдерді қолданыңыз. | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | **«Бағдаршам»** Тәрбиеші қызыл және жасыл түсті дөңгелектерді көрсетеді. Қызыл түсте балалар тоқтайды, жасыл түсте жүреді. «Қызыл – тоқта, жасыл – жүр» деп қайталайды. **Заң және тәртіп** | **«Ойыншықты орнына қоямыз»** Балалар ойыннан кейін пайдаланған заттарын өз орнына апарып қояды. Тәрбиеші: «Әр заттың өз орны бар» деп тәртіпке үйретеді. **Заң және тәртіп** | **«Итермейміз»** Қимылды ойын кезінде тәрбиеші балаларға бір-бірін итермей жүруді көрсетеді. «Асықпаймыз, итермейміз» деп қарапайым ереже айтады. **Заң және тәртіп** | **«Қағазды қоқыс жәшігіне сал»** Балалардың алдына қағаз қиындылары мен қоқыс жәшігі қойылады. Балалар қағазды алып, жәшікке салады. Тәрбиеші: «Қоқысты жерге тастамаймыз» деп түсіндіреді. **Таза Қазақстан** | **«Қолымызбен сипаймыз»** Балалар жұмсақ ойыншықты кезекпен сипайды. Тәрбиеші: «Қолымызбен ұрмаймыз, жайлап сипаймыз» деп көрсетеді. Балалар қимылды қайталайды. **Буллингтің алдын алу** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Аю жүрісі» еңкейіп жүреді. «Қоян секірісі» екі аяқпен секіреді. Бір аяқта тепе-теңдік сақтап «тырна» болады **Салауатты өмір салты** | «Күн шықты» деп қолдарын көтеріп созылады. «Жел соқты» деп қолдарын жанға жайып тербеледі. «Көбелек ұшты» қолдарын қағып жүреді. | Бастарын жай айналдырады. Қолдарын алға-артқа сермейді. «Жылан» сияқты еңкейіп, жерге созылып қимылдайды. | Қолдарын иыққа қойып, айналдырады. Тізесін бүгіп жеңіл отырады. Қолдарын қағып секіреді. | Алақандарын соғып, көңілді қадам жасайды. «Құмырсқа» сияқты еңкейіп жүреді. «Балық» сияқты қолдарын қозғап, жүзеді. **Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Салауатты өмір салты** | **Салауатты өмір салты** | **Салауатты өмір салты** | |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіз дік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықта рдағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баул у **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдарм ен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құра лдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға д ағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **2 жастағы балалар:** —<br><br>**3 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Доп, | **2 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Жаңбыр» әні: Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбаев. Әуеннің | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: | **2 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Допты екі қолмен ұстау, алға созу, төмен еңкейіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақ, машина, кітап, қалаймын, берші.<br>Сөйлеу жаттығуы: «Мен қалаймын» үлгісі: педагог «Мен допты қалаймын» деп көрсетеді. Балалар өздері таңдаған затты «Маған доп берші», «Мен қуыршақты қалаймын» деген қарапайым тіркестермен сұрайды.<br>Сұрақ-жауап: «Не қалайсың?» сұрақ-жауап ойыны. Педагог немесе бала сұрақ қояды, екінші бала қысқа жауап береді.<br>Дидактикалық ойын: «Өтінемінрақмет» ойыны: бала затты «Беріңізші/берші» деп сұрап, алған соң «Рақмет!» дейді. | баяу және жұмсақ сипатын тыңдату, көңіл-күйін ым-ишарамен білдіруге ынталандыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жапырақтар» әні мен сөзі: Г. Абдрахманова. Педагогтің көрсетуімен қолды жоғары-төмен қозғап, жапырақтың баяу түсуін бейнелеу.<br>Музыкалық ойын: «Күн мен жаңбыр» ойыны, әні: Т. Потапенко, өңдеген В. Фере. Көңілді әуенде еркін қозғалып, жаңбыр белгісінде педагогке жақындау<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Музыка<br>Музыка тыңдау: «Мерекелік марш» И. Леви. Музыканы соңына дейін тыңдап, нық, көтеріңкі сипатын сезінуге жетелеу.<br>Музыкалық жанрмен таныстыру: Марш жанрымен таныстыру: марштың нық қадам жасауға ыңғайлы | Қолды жоғары көтеру, жан-жаққа созу, қолды белге қою, орнында қадамдау, аяқ ұшына көтерілу. 3–4 рет қайталау.<br>Негізгі қимылдар:<br>Шағын топпен педагогтің соңынан берілген бағытта жүру. Белгіге жеткенде бірге тоқтау, кейін бастапқы орынға оралу. Екінші қайталауда топ саны ұлғайтылады.<br>Ырғақтық жаттығу: «Бірге жүр, бірге тоқта» сөздеріне сәйкес ортақ ырғақпен қадам жасау.<br>Қимылды ойын: «Маған қарай кел» — педагог бірнеше қадам алда тұрып, балаларды шағын<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы | Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру, алақан соғу, орнында жүру, белгі бойынша қимылды тоқтату. 3 рет қайталау.<br>Негізгі қимылдар:<br>Бірқалыпты жүру және педагогтің белгісі бойынша тоқтау.<br>Алдымен 2–3 рет баяу қарқында, кейін әртүрлі бағытта қайталау.<br>Ырғақтық жаттығу: «Жүр-жүр-жүр, тоқ!» деген ырғақпен қозғалу, «тоқ» сөзінде денені қимылсыз ұстауға тырысу.<br>Қимылды ойын: «Қызыл – жасыл» — белгі түсіне қарай жүру | қайта тұру, допты тізе тұсына түсіру және көтеру. 3 рет орындау.<br>Негізгі қимылдар:<br>Допты екі қолмен 1–1,5 м қашықтықтан қақпаға қарай домалату. Әр бала 2–3 рет қайталайды. Кейін жұбымен доп домалату әрекеті орындалады.<br>Ырғақтық жаттығу: «Домала доп, қақпаға бар!» сөздеріне сай допты төменнен жұмсақ итеру.<br>Қимылды ойын: «Қақпадан өткіз» — допты белгіленген қақпаға дәл домалатуға тырысу<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Шеңберде тұрып қолды жоғары көтеру, екі жаққа ашу, денені ішке-сыртқа бұру, аяқ ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру.<br>Негізгі қимылдар:<br>Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру; белгіде тоқтау; шеңберден шықпай бағытты сақтау. Кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | музыка екенін түсіндіру. Балалар педагогпен бірге «бір-екі» ырғағын сезінеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. Музыканың басталуымен жалаушаны көтеріп жүру, аяқталуымен жалаушаны төмен түсіріп тоқтау. | дамытушы жаттығулар: Жұппен қолды алға созу, жан-жаққа көтеру, қолды белге қойып оңға-солға бұрылу, аяқтың ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру. Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден жүруді жұппен жүруге алмастыру; жұппен тура бағытта 3–4 м жүру; белгі бойынша тоқтау. Кейін жұптар бір-біріне доп домалатады. Ырғақтық жаттығу: «Бірге бас, бірге тоқта» әуенімен жұп болып қадамдау, шапалақтау. | немесе тоқтау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға-жоғары көтеру, иықты айналдыру, денені жан-жаққа бұру, аяқты кезек алға қою, аяқ ұшына көтерілу. Негізгі қимылдар: Бірқалыпты тура жүру; аяқтың ұшымен қысқа жүру; визуалды белгі бойынша тоқтау; қайта жүру. Допты белгіленген қақпаға төменнен домалату. Ырғақтық жаттығу: «Жасылжүр, қызылтұр» ырғағымен жүру мен | екі-екіден допты бір-біріне домалату. Ырғақтық жаттығу: Домбыра әуенінің жеңіл ырғағына шеңбер бойымен қадамдап, шапалақтау. Қимылды ойын: «Шеңберге кір» белгі бойынша балалар сыртқы жолдан ішкі шеңберге жай жүріп кіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тоқтауды қайталау. | |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.<br>Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру.<br>**Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Балалардың дербес әрекеті** қуыршақтармен серуендеу, қуыршақты арбаға отырғызып, алаңда жүргізу, қарапайым ойын әрекеттерін орындау.<br>**Қимылды ойын** «Аю келеді», тәрбиешінің көрсетуімен баяу жүру, аю келгенде тоқтап, белгіленген жерге барып жасырыну.<br>**Бақылау, зерттеу** гүлзардағы гүлдерді бақылау, олардың түсі мен көлеміне назар аудару, гүлдерді жақыннан көру.<br>**Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен гүлзар маңындағы ұсақ, қауіпсіз қоқыстарды жинап, арнайы ыдысқа салу. | **Балалардың дербес әрекеті** шарлармен еркін ойнау, шарды екі қолмен ұстау, қолдан-қолға беру және домалату.<br>**Қимылды ойын** «Шарды бер», балалар тәрбиешінің көмегімен шарды бір-біріне беріп, қарапайым қимылдарды қайталайды.<br>**Бақылау, зерттеу** ауладағы құстарды бақылау, олардың ұшуына, жүруіне назар аудару және дыбыстарын тыңдау.<br>**Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен құстарға арнайы дайындалған | **Балалардың дербес әрекеті** ойын көліктерін алаңда жүргізу, алға және артқа қозғалту, дөңгелектерінің қозғалысын бақылау.<br>**Қимылды ойын** «Көліктер жарысы», ойын көліктерін белгіленген бағыт бойынша итеріп, бірге қозғалу.<br>**Бақылау, зерттеу** өтіп бара жатқан көліктерді қауіпсіз жерден бақылау, олардың үлкен-кішілігі мен | **Балалардың дербес әрекеті** құм бетіне таяқшамен еркін сызықтар, жолдар және қарапайым іздер салу.<br>**Қимылды ойын** «Жел соқты», қолды екі жаққа жайып, алаңда жеңіл жүру, тәрбиешінің белгісімен тоқтау.<br>**Бақылау, зерттеу** желді бетпен, қолмен сезіну, жел қозғалтқан жапырақтар | **Балалардың дербес әрекеті** әткеншекте тәрбиешінің көмегімен қауіпсіз тербелу, өз кезегін күтуге дағдылану.<br>**Қимылды ойын** «Алға-артқа», тәрбиешімен бірге алға және артқа қозғалу қимылдарын орындау.<br>**Бақылау, зерттеу** ағаштардың бұтақтарын бақылау, олардың ұзын-қысқалығына және қозғалысына назар аудару.<br>**Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен әткеншек маңындағы жапырақтарды жинап, аланды таза ұстауға қатысу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәнді белгіленген жерге шашу. | түстеріне назар аудару.<br>**Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен ойыншық көліктерді сүртіп, тазалап, орнына қою. | мен ағаш бұтақтарын бақылау.<br>**Еңбекке баулу** алаңдағы түскен ұсақ жапырақтарды тәрбиешінің көмегімен жинап, белгіленген жерге салу. | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету<br>«Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету<br>«Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету<br>«Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу<br>«Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру.<br>«Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу.<br>Бесік жырын тыңдату. | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату. | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай | Балалар ұйықтайтын бөлмені | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | алдын-ала желдету Бесік жырын айту | Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **2 жастағы балалар:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» 1-күн. «Ойыншықтар әлемі» Әдіс-тәсіл: «Сиқырлы сандық» Тіл дамыту: қуыршақ, доп, машина, аю, текше сөздерін қолдану. «Үлкен доп, қызыл машина, кішкентай аю» сөз тіркестерін айту. Көркем | **2 жастағы балалар:** «Ойыншықтың түсі, пішіні, көлемі» Әдіс-тәсіл: STEAM «Ойыншықтар зертханасы» Тіл дамыту: қызыл, көк, сары; дөңгелек, төртбұрыш; үлкен, кіші сөздерін бекіту. Көркем әдебиет: ойыншықтар дың түсі туралы қысқа өлең. | **2 жастағы балалар:** «Көліктермен ойнаймыз» Әдіс-тәсіл: STEM «Машинаға жол сал» Тіл дамыту: машина, автобус, пойыз сөздерін меңгерту. «Жүреді, тоқтайды, алады, | **2 жастағы балалар:** «Қуыршақты киіндіреміз» Әдіс-тәсіл: Сюжетті к ойын «Қуыршаққа көмектесейік» Тіл дамыту: көйле к, шалбар, күрте, бас киім, аяқкиім; | **2 жастағы балалар:** «Ойыншықтар дүкені» Әдіс-тәсіл: Сюжеттік-рөлдік ойын + квест Тіл дамыту: «Маған доп бер», «Машинаны аламын», «Қуыршақты орнына саламын» сөздерін қолдану. Көркем әдебиет: сүйікті ойыншық туралы тақпақтарды қайталау. Сенсорика: ойыншықт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет: ойыншық туралы тақпақты тыңдау, ырғақты қайталау.<br>Сенсорика: ойыншықтарды түсі бойынша сұрыптау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Отбасылық фотосурет не айтады?»<br>Бақылау-зерттеу: «Фотосурет сөйлейді»<br>Балалар отбасы бейнеленген суретті мұқият қарап, кімдерді көріп тұрғанын, олардың не істеп жатқанын анықтайды.<br>Тіл дамыту: а–ә, е дыбыстары; сөздерді септелуіне қарай қарапайым түрде байланыстыру: «анаммен», «әкеме», «үйде».<br>Қазақ тілі: «Бұлменің анам», «Мен әкеммен ойнаймын».<br>Көркем әдебиет: отбасы жайлы әңгімені тыңдау, бейнелі сөздерді есте сақтау.<br>Математика негіздері: отбасы мүшелерінен топ құру, біреуін бөліп көрсету; бойы ұзын-қысқа бейнелерді салыстыру. | Сенсорика: пішіні, көлемі, түсі бойынша біркелкі ойыншықтарды топтастыру.<br>Құрастыру: түрлі көлемдегі текшелерден мұнара жасау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Үй шаруасындағы көмекшілер»<br>Тәжірибелік зерттеу: «Қай құрал не үшін керек?»<br>Қасық, кесе, тарақ, сүлгі, тіс щеткасы сияқты тұрмыстық заттар зерттеледі. Балалар олардың қызметін анықтайды.<br>Тіл дамыту: п–б, т–д дыбыстары; «қасықпен ішемін», «сүлгімен сүртемін» сияқты грамматикалық байланыстар.<br>Қазақ тілі: зат пен әрекетті байланыстырып айту.<br>Математика негіздері: ұзын-қысқа тіс щеткаларын, кең-тар сүлгілерді салыстыру.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру: жуыну, | салады» етістіктерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: көлік туралы шағын тақпақ.<br>Сенсорика: үлкен және кіші машиналарды ажырату, түсі бойынша топтау.<br>Құрастыру: кірпіштерден машинаға жол, көпір немесе гараж жасау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Қай үй берік?»<br>STEM-сынақ: «Үй құрылысын тексереміз»<br>Балалар екі түрлі үй құрастырады. Ойыншық кейіпкерді орналастырып, қайсысы тұрақты екенін байқайды. «Неге бұл үй құламады?» деген сұрақ қойылады.<br>Тіл дамыту: к–қ дыбыстары; «бик үй», «кең есік», «қатты қабырға» | «кию–шешу» етістіктерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: қуыршақ туралы шағын әңгіме, қуыршаққа жанашырлық білдіру.<br>Сенсорика: киімдерді түсі мен көлемі бойынша ажырату.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Отбасындағы бір күн»<br>Сюжеттік модельдеу: «Үйдегі таңнан кешке дейін»<br>Тіл дамыту: Т–д, ж–ш дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. «Таңертең тұрамын», «Тісімді тазалаймын», «Кешке ойыншықтарымды жинаймын» сияқты | арды түсіне, пішініне, көлеміне қарай дүкен сөресіне орналастыру.<br>Құрастыру: дүкен сөресін құрастыру.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Отбасылық кеңес»<br>Проблемалық жағдаяттар алаңы: «Не істер едің?»<br>– анасының қолындағы сөмке ауыр;<br>– әжесі дастарқан дайындап жатыр;<br>– інісі ойыншығын жинай алмай отыр;<br>– әкесі кітап іздеп жүр;<br>– бала киімін өзі кие алмай тұр.<br>Балалар әр жағдайға шешім ойлап, рөлмен көрсетеді.<br>Тіл дамыту:<br>П–б, с–з дыбыстарын сөз ішінде айту. «Мен көмектесемін», «Мен әжеме су беремін», «Ініме ойыншық жинауға көмектесемін» сияқты байланысты сөйлемдер құрау.<br>Қазақ тілі: «Көмектесейін бе?», «Міне, алыңыз», «Рақмет», «Өтінемін» сияқты қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. Бесік жырын тыңдату. | Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | Бесік жырын айту | Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **2 жастағы балалар:** «Менің отбасым» Әдіс-тәсіл: фотоәңгіме «Отбасылық альбом» Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: балаларға отбасы бейнеленген суреттер ұсынылады. Тәрбиеші «Бұл кім?», «Ана қайда?», «Әже қайда?» сұрақтарын қояды. Тіл дамыту: ана, әке, ата, әже, аға, әпке сөздерін меңгерту. «Анам құшақтайды», «Әкем көмектеседі» сөз | **2 жастағы балалар:** «Анам мен әкеме көмектесемін» Әдіс-тәсіл: сюжеттік-рөлдік ойын «Үйдегі бір күн» Тіл дамыту: жуу, суару, құю, алу-салу, ашу-жабу етістіктерін тұрмыстық әрекетте қолдану. Көркем әдебиет: ата-ананың еңбегі туралы шағын әңгімені тыңдау. Сенсорика: ыдыстард ы түсі, көлемі және | **2 жастағы балалар:** «Біздің үйдегі ыдыстар» Әдіс-тәсіл: сенсорлық зертхана «Сиқырлы асүй» Ұйымдастырылға н іс-әрекет барысы: жабық қораптан кесе, тәрелке, қасық, шәйнек алынады. Балалар ұстап көреді, атайды, салыстырады. | **2 жастағы балалар:** «Үй жануарлары – отбасының досы» Әдіс-тәсіл: зерттеу ойыны «Кімнің төлі?» Ұйымдастырыл ған іс-әрекет барысы: балала рға мысық, ит, сиыр, жылқы және олардың төлдерінің | **2 жастағы балалар:** «Бақытты отбасы» Әдіс-тәсіл: отбасылық театр Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: балалар қарапайым рөлдерге бөлінеді: ана, әке, әже, ата, бала. Қарапайым тұрмыстық әрекеттерді сахналайды. Тіл дамыту: құшақтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіркестерін қайталау.<br>Көркем әдебиет: отбасы туралы қысқа тақпақты эмоционалды тыңдау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕР»<br>«Ішінде не бар?»<br>Эксперимент-зерттеу: «Жеміс пен көкөністің құрылысын зерттейміз»<br>Алма, қызанақ, қиярдың бүтін күйі көрсетіліп, балалар сыртқы белгілерін сипаттайды. Кейін ересек алдын ала қауіпсіз түрде екіге бөлген үлгілерді көрсетеді. Балалар ішіндегі дәніне, түсіне назар аударады.<br>Тіл дамыту:<br>«Алма дөңгелек», «Қияр ұзын», «Қызанақтың ішінде дән бар» сияқты байланысты сөйлемдер. К–қ, с–з дыбыстарын бекіту.<br>Қазақ тілі:<br>Жеміс-көкөніс атауларын өздігінен қолдану.<br>Көркем әдебиет:<br>Алма немесе көкөніс туралы шағын әңгімені түсініп тыңдау.<br>Математика негіздері:<br>Пішіні, көлемі, ұзындығы бойынша салыстыру. | пішіні бойынша топтастыру.<br>Құрастыру: асүйге үстел, орындық немесе сөре жасау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Не батады, не қалқиды?»<br>Ғылыми эксперимент<br><br>Балалар алдымен алма, қияр және басқа қауіпсіз өнімдер туралы болжам жасайды: «Суда қалады ма, бата ма?» Кейін тәрбиешінің көмегімен суға салып бақылайды.<br>Тіл дамыту:<br>«Менің ойымша...», «Алма қалқып тұр», «Мынау төменге түсті» сөйлемдері.<br>Қазақ тілі:<br>«Суда», «үстінде», «төменде» кеңістік сөздерін қолдану.<br>Көркем әдебиет:<br>Су туралы шағын мәтінді тыңдау.<br>Математика негіздері:<br>Нәтижені екі топқа жіктеу: «қалқыды» және «батты». Бір затты топтан бөліп көрсету. | Тіл дамыту: кесе, тәрелке, қасық, шәйнек сөздері; үлкен кесе, кіші қасық, дөңгелек тәрелке сияқты сын есімді тіркестер.<br>Көркем әдебиет: ыдыстар туралы ырғақты тақпақты қайталау.<br>Сенсорика: ыдыстарды түсі, көлемі, пішіні бойынша сұрыптау.<br>Құрастыру: ыдыстарға арналған сөре жасау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Жеміс пен көкөністі қалай ажыратамыз?»<br>Зерттеу-классификация<br>Балалар өнімдерді түсіне ғана емес, пішіні, көлемі және өсетін орны туралы қарапайым белгісіне қарай салыстырады.<br>Тіл дамыту: | суреттері көрсетіледі.<br>Балалар сәйкес жұбын табады.<br>Тіл дамыту: мысық–марғау, ит–күшік, сиыр–бұзау, жылқы–құлын атауларын айту.<br>Көркем әдебиет: үй жануары туралы шағын әңгімені тыңдап, кейіпкерге жанашырлық білдіру.<br>Сенсорика: үлкен жануар мен кіші төлін сәйкестендіру<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Дәм зертханасы»<br>Сенсорлық зерттеу<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:<br>Қауіпсіздік пен топ ережесіне сай дайындалған жеміс-көкөніс | көмектесу, қуану, күлу, беру, алу сөздерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: отбасы туралы шағын оқиғаны сахналау, қайталанатын сөздерді бірге айту.<br>Сенсорика: дастарқанға үлкен және кіші ыдыстарды нұсқау бойынша орналастыру.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Пайдалы тағам зертханасы»<br>STEAM-жоба: «Дәруменді мәзір»<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:<br>Балаларға түрлі тағам суреттері ұсынылады. Жемістер мен көкөністерді таңдап, пайдалы «мәзір» немесе «тәрелке» құрастырады.<br>Тіл дамыту:<br>«Мен алма таңдадым», «Менің тәрелкемде қияр бар» сияқты сөйлемдерді қолдану.<br>Қазақ тілі:<br>Қарапайым таңдауды сөзбен түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біртекті заттардан топ құру. | | «Қияр жасыл және ұзын», «Алма қызыл әрі дөңгелек» сияқты екі белгіні байланыстырып айту.<br>Қазақ тілі:<br>2–3 сөзден тұратын сипаттамалар.<br>Көркем әдебиет:<br>Жемістер мен көкөністердің «дауы» туралы шағын қызықты әңгіме. | үлгілерінің сыртқы белгісі, иісі, қаттылығы салыстырылады. Қажет жағдайда дәм сезу әрекеті тәрбиеші ұйымдастыруы мен өткізіледі.<br>Тіл дамыту:<br>Тәтті, қышқыл, жұмсақ, қатты, шырынды сөздерін дұрыс қолдану.<br>Қазақ тілі:<br>«Алма тәтті», «Қияр қатты», «Лимон қышқыл» тәрізді қарапайым сөйлемдер.<br>Көркем әдебиет:<br>Жемістің дәмін бейнелі сөздермен сипаттайтын шағын мәтінді тыңдау.<br>Математика негіздері:<br>Бірдей қасиеті бар өнімдерді топтау, ұзын-қысқа, үлкен- | Көркем әдебиет:<br>Пайдалы тағам туралы шағын әңгіме.<br>Математика негіздері:<br>Заттарды солдан оңға орналастыру, бір және көп ұғымын бекіту, пішіндерді тану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кіші үлгілерді салыстыру. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Аю оянды»<br>Тәрбиеші аюдың ойыншығын көрсетіп: «Үh-уh!» дейді.<br>Бала да аюша дыбыс шығарып, жайлап қимылдайды. | «Қуыршақ жылады»<br>Тәрбиеші қуыршақты қолына алып: «Уа-уа!» дейді.<br>Балаға да сол дыбысты қайталауға мүмкіндік береді. | «Жел соқты»<br>Тәрбиеші: «У-у-у» деп желдің дауысын салады.<br>Баламен бірге қолдарын жайып, жел соққандай қимылдайды. | «Қой маңырады»<br>Тәрбиеші ойыншық қойды көрсетіп: «Мә-мә!» дейді.<br>Бала дыбысқа еліктеп, қимыл жасайды. | «Сау болайық»<br>Сабақ соңында музыка жай қосылады.<br>Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!» дейді.<br>Бала да қол бұлғап, «а-а» дыбысын қайталайды. |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | **«Қояндар мен сәбіздер»**<br>**Мақсаты:** Зейінді және қимыл ептілігін дамыту.<br>**Шарты:** Алаңға «сәбіздер» (таяқшалар) қойылады. «Қояндар» оларды жинайды. | **«Жануарларды құтқару»**<br>**Мақсаты:** Мақсатқа жету үшін шапшаң әрекет ету.<br>**Шарты:** Жануар ойыншықтарын су аймағынан (сызық ішінен) алып шығу. | **«Тордағы торғайлар»**<br>**Мақсаты:** Қозға лыс жылдамдығын арттыру.<br>**Шарты:** Тор ішінде жүрген торғайлар тордан қашып шығуға тырысады, «мысық» ұстайды. | **«Көңілді секіртпелер»**<br>**Мақсаты:** Секі ру дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Балала р жеке-жеке немесе топпен секіртпеден секіреді. | **«Достық шеңбері»**<br>**Мақсаты:** Топтық бірлікті, көңіл-күйді көтеру.<br>**Шарты:** Барлық бала қол ұстасып, ән айтып, қимылмен шеңбер бойымен жүреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сенсорика:** отбасы мүшелерінің суреттерін үлкен-кіші көлеміне қарай орналастыру.<br>**Құрастыру:** текшелер мен кірпіштерден «Біздің үй» құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** отбасы мүшелері және олардың бір-біріне қамқорлығы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сурет салу:** үйге апаратын түзу және толқынды жолдар.<br>**Мүсіндеу:** отбасыға арналған бауырсақ немесе тоқаш домалату. | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** үйдегі қарапайым еңбек әрекеттерімен таныстыру; үлкендерге көмектесу туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сурет салу:** анаға гүл – тік сабақ және дөңгелек гүл басы.<br>**Мүсіндеу:** дастарқанға арналған жеміс немесе тоқаш жасау.<br>**Жапсыру:** анаға арналған гүл шоғын құрастыру.<br>**Қорытынды әрекет:** ойыншық | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** ыдыстардың күнделікті қызметін түсіндіру, оларды ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**Сурет салу:** тәрелкені тұйықталған дөңгелек сызықпен бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:** кесе немесе тәрелке пішінін жасау. | **Құрастыру:** жануарларға арналған қора немесе үйшік салу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** жануарлардың танауы, құйрығы, аяқтарын ажырату және атау. Оларға су, азық беру, қамқорлық жасау керектігін түсіндіру. | **Құрастыру:** отбасыға үстел мен орындықтар құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** отбасы мүшелерінің бір-біріне қамқорлығы мен өзара жылы қарым-қатынасын бекіту.<br>**Сурет салу:** «Отбасымның көңілді күні» – қарапайым сызықтар мен дөңгелек пішіндер.<br>**Мүсіндеу:** дастарқанға арналған тағам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жапсыру:** шаршы мен үшбұрыштан үй құрастыру | ыдысты «жуу», гүлді «суару». | **Жапсыру:** фланелграфтағы үстелге ыдыстарды ретімен орналастыру. | **Сурет салу:** жануарға апаратын жол немесе қора қоршауын тік сызықтармен салу. **Мүсіндеу:** жануарға арналған жем немесе домалақ тағам. **Жапсыру:** фланелеграфта жануар мен төлін қатар орналастыру. | **Жапсыру:** «Біздің отбасы» ортақ композициясы. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ұйқы алдында текше құрастыру, ойыншықтарды орналастыру немесе суретті кітап қарау сияқты тыныш ойындар ойнаңыз. Белсенді ойындарды біртіндеп азайтып, ұйқыға дайындалуына көмектесіңіз. | Баланы жылы сумен жуындырып, тыныш орта қалыптастырыңыз. Ұйқы алдында қатты дыбыстар мен белсенді ойындарды азайтып, демалуына мүмкіндік беріңіз. | Баланың сол күні жасаған бір жақсы әрекетін атап, мақтаңыз. Мысалы, ойыншығын жинаса немесе өзі тамақтануға талпынса, жылы сөзбен қолдау білдіріңіз. | Баламен тыныш жерде суретті кітап қараңыз. Таныс жануарларды, ойыншықтарды немесе заттарды саусақпен көрсетіп, атауларын өзіңіз анық айтыңыз. Баланың көрсету, қарау, ыммен жауап беру әрекетін қолдаңыз. | Ұйықтар алдында қысқа әрі суреті көп ертегі оқып беріңіз. Суреттерді бірге қарап, таныс кейіпкерлер мен заттарды көрсетіңіз. Баладан сөзді қайталауды талап етпей, тыңдауына және қызығушылық танытуына мүмкіндік беріңіз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**5 апта**

Апта дәйексөзі
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 28.09.2026** | **Сейсенбі 29.09.2026** | **Сәрсенбі 30.09.2026** | **Бейсенбі 01.10.2026** | **Жұма 02.10.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Күй күмбірі»: «Айжан қыз» күйін тыңдау – балалардың күйді эмоционалды қабылдауын, ұлттық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру.« | Балаларды әсем күймен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу,күй қосу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы балабақшаға уақытылы әкелуге тырысыңыз. Жолда және қоштасу кезінде «Күнің жақсы өтсін!», «Көңілді ойна!» сияқты жылы сөздер айтып, күлімсіреп шығарып салыңыз. Қоштасуды ұзаққа | Баланы ауа райына сәйкес, қозғалуына ыңғайлы етіп киіндіріңіз. Салқын күндері жылы бас киім мен сыртқы киіміне назар аударыңыз. Киіну кезінде киімдердің атауын қысқа әрі | Баланың қарапайым киіну әрекеттерін өздігінен орындауына мүмкіндік беріңіз. Бас киімін алу, қолын жеңіне салу, аяқ киімін әкелу | Баланың таңғы асын уақытылы ішуіне жағдай жасаңыз. Жасына сай пайдалы тағамдар мен жеміс-жидектер ұсыныңыз. Тамақтану | **:** Баламен бірге бірнеше қарапайым дене қимылдарын орындаңыз. Қолды жоғары көтеру, екі жаққа сермеу, созылу, отырып-тұру сияқты жеңіл жаттығуларды өзіңіз көрсетіңіз. Баланы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | созбай, балаға сенімді көңіл-күй сыйлаңыз. | анық айтып отырыңыз. | сияқты әрекеттерге ынталандырып, қажет кезде ғана жеңіл көмек көрсетіңіз. Әрбір талпынысын мақтаңыз | кезінде қасықты өзі ұстауға, кеседен су ішуге мүмкіндік беріп, дербестігін қолдаңыз. | қимылдарды мүмкіндігінше қайталауға ынталандырып, көңілді көңіл-күй қалыптастырыңыз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | Балаларға кішкентай суқұйғыш беріледі.Олар жасанды немесе тірі гүлдің жанына барып су құяды. Тәрбиеші «гүл қуандық» деп қолын жайып, қуаныш қимылын көрсетеді. **Экологиялық тәрбие** | «Дүкенге барамыз» Тәрбиеші ойыншық жемістерді үстелге қояды.<br>Балаларға ойыншық «ақша» (дөңгелек жетон) беріледі.<br>Бала жетонды беріп, жемісті қолына алады.<br>Ақша – зат алмасу құралы екенін қарапайым қимылмен ұғынады.<br>**Қаржылық сауаттылық** | «Ойыншықты бөлісеміз»<br>Бірнеше балаға бір-бір ойыншық беріледі, ал бір ойыншық ортақ болады.<br>Тәрбиеші ортақ ойыншықты кезекпен алуды көрсетеді.<br>Балалар бөлісуді, кезек күтуді қимыл арқылы үйренеді. **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | «Тақия тастамақ» (жеңілдетілген түрі)<br>Балалар шеңбер жасап отырады. Тәрбиеші немесе бір бала қолына кішкентай тақия алып, артынан жүріп біреуінің артына қояды. Тақия түскен бала қолын көтереді.<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** | Тәрбиеші қолына **доп** алады да, әдейі шатастырып: «Бұл аю ма?» деп сұрайды.Балалар басын шайқайды немесе «жоқ» деп ишара жасайды.<br>Кейін тәрбиеші: «Бұл не?» деп ишарамен сұрайды. Балалар допты қолымен көрсетеді.Тәрбиеші: «Дұрыс, сендер шындықты айттыңдар! Жарайсыңдар!» деп қуанады.**Адалдық әліппесі** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Құстар ұя салады»<br>«Құм тасимыз» алға сәл еңкейіп, екі қолмен құмды алғандай қимыл жасап, қайта тіктелу.<br>«Ұя саламыз» екі қолды алға созып, дөңгелете айналдыру.<br>«Қанат қағамыз» қолды екі жаққа жайып, жоғары-төмен баяу | «Жапырақтар биі»<br>«Жел соқты» қолды жоғары көтеріп, оңға-солға баяу сермеу.<br>«Жапырақтар жерге түсті» қолды төмен түсіріп, тізені бүгіп жайлап отыру.<br>«Жапырақтар ұшты» қолды екі жаққа жайып, айналдыра | «Құмырсқа жолы»<br>«Құмырсқа жүреді» ұсақ қадамдармен баяу жүру.<br>«Құмырсқа жүк тасиды» екі қолды алға созып, өзіне қарай тарту | «Аюдың қимылы»<br>«Аю оянады» екі қолды жоғары көтеріп, денені созып керілу.<br>«Аю басын қозғайды» басты оңға және солға асықпай | «Күзгі мереке»<br>«Күнге созыламыз» екі қолды жоғары көтеріп, денені созу.<br>«Көбелек ұшады» қолды екі жаққа жайып, баяу сермеу.<br>«Құстар ұшады» қолды қанат сияқты сермеп, жеңіл жүру.<br>«Бірге билейміз» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сермеу.<br>«Ұяға қонамыз» тізені бүгіп, жайлап отыру және қайта тұру.<br>**Салауатты өмір салтына баулу** | қимыл жасау.<br>«Құстар ұшты» қолды қанат сияқты сермеп, бір орында жеңіл жүру. **Салауатты өмір салтына баулу** | қимылын жасау.<br>«Тауға шығамыз» тізені кезекпен сәл жоғары көтеріп жүру.<br>«Құмырсқа тығылады» тізені бүгіп отыру, қолды тізеге қою және қайта тұру.<br>**Салауатты өмір салтына баулу** | бұру.<br>«Аю жүреді» аяқтарды сәл алшақ қойып, баяу адымдап жүру.<br>**Салауатты өмір салтына баулу** | әуен ырғағына сай қол шапалақтап, денені жеңіл тербету.<br><br>**Салауатты өмір салтына баулу** |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау<br>**қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету<br>**қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыландыру. **экологиялық мәдениет,** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп».** | **буллингтің алдын алу.** | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **2 жастағы балалар:**<br>—<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Қазақ тілі<br>Сөздік жұмыс: Иә, жоқ, жақсы, ойнаймын, тыңдаймын, қалаймын.<br>Сөйлеу жаттығуы: «Тыңда да орында» жаттығуы: «Допты ал», «Қуыршақты үстелге қой», «Маған кел» сияқты бір қадамды нұсқауларды тыңдап орындау.<br>Сұрақ-жауап: «Сұраққа жауап бер» ойыны: «Бұл не?», «Кім?», «Не қалайсың?», «Қайда?» деген қарапайым сұрақтарға қысқа жауап беру.<br>Дидактикалық ойын: «Дұрыс па?»педагог қарапайым тұжырым айтады | **2 жастағы балалар:**<br>Музыка<br>Музыка тыңдау: «Қолшатыр» сөзі мен әні: Г. Ерікқызы.<br>Әуенді тыңдап, оның көңіл-күйін бет әлпеті және қарапайым қимылдар арқылы білдіруге ынталандыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қуыршақпен билейміз» әні: Ж. Тұрсынбаев, сөзі Е. Өтетілеуұлы.<br>Педагогтің көрсетуімен қолды екі жаққа созу, жай айналу, алақан соғу.<br>Музыкалық ойын: «Көңілді сылдырмақтар» И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев.<br>Сылдырмақты педагогпен бірге музыка ырғағына сай жай сылдырлату және тоқтату.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Музыка | **2 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қолды жан-жаққа созу, оңға-солға бұрылу, қолды жоғары көтеру, орнында жүру, белгі бойынша тоқтау. 3–4 рет.<br>Негізгі қимылдар:<br>Педагог көрсеткен бағытқа 3–4 м жүру, белгіге жетіп тоқтау, кейін басқа бағытқа бұрылып қозғалу. Әртүрлі бағытта жүру дағдысын бекіту.<br>Ырғақтық жаттығу: «Оңға жүр, солға жүр, белгіде тоқта» деген қарапайым ырғақ.<br><br>**3 жастағы балалар:** | **2 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Допты кеудеде ұстау, жоғары көтеру, төмен түсіру, алға созу, денені аздап алға еңкейту және түзу тұру. 3 рет.<br>Негізгі қимылдар: 1) Допты жұбына домалату; 2) доптың соңынан берілген бағытпен жүру; 3) допты алып бастапқы орнына оралу.<br>Әр әрекет 2–3 рет қайталанады.<br>Ырғақтық жаттығу: «Домала, тоқта, алып кел» сөздеріне сай қимылдарды | **2 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі<br>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары-төмен қозғау, жан-жаққа созу, алақан соғу, аяқ ұшына көтерілу, орнында қадамдау.<br>Балаларға таныс қимылдарды 3 реттен орындау.<br>Негізгі қимылдар: 1) Берілген бағытта жүру; 2) белгі бойынша тоқтау; 3) тура жолмен тепе-теңдікті сақтап өту; 4) шағын топпен жүру; 5) допты жұбына және қақпаға домалату.<br>Тапсырмалар қысқа «бекеттер» түрінде орындалады.<br>Ырғақтық жаттығу: «Жүр – тоқта – домалат – қол соқ» ырғағымен ай бойы үйренген қимылдарды<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Музыка тыңдау: «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев; қысқа қайталау ретінде «Мерекелік марш» И. Леви және «Полька» Б. Сметана үзінділері. Әр шығарманың сипатын тыңдап, соңына дейін қабылдауға үйрету. Музыкалық жанрмен таныстыру: Ән, би, марш жанрларын қайталау: әнді тыңдаймыз, би әуеніне қимылдаймыз, маршта нық қадамдаймыз деген қарапайым түсінікті бекіту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» А. Тоқсанбаев. Музыканың басталуына сәйкес қимылды бастау, аяқталғанда тоқтау; жүру, қол шапалақтау және жеңіл бұрылу. | Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары және жан-жаққа созу, иықты айналдыру, денені оңға-солға бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені көтеру. Негізгі қимылдар: Тура жүру, шеңбер бойымен жүру, шашырап жүруді кезекпен орындау; белгі бойынша тоқтау; қайта сапқа бір-бірден тұру. Допты қақпаға домалату. Ырғақтық жаттығу: Әр бағыт ауысқанда музыка ырғағына сай шапалақтау немесе қол сермеу. Қимылды ойын: «Бағытыңды тап» педагог көрсеткен белгіге сәйкес тура, шеңбер немесе шашырап жүру. | кезекпен орындау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды сермеу, шапалақтау, аяқтың ұшына көтерілу, тізені кезек көтеру, денені жан-жаққа бұру, жеңіл отырып-тұру. Негізгі қимылдар: Бірқалыпты жүруді баяу жүгірумен алмастыру; белгі бойынша тоқтау; 5–6 м бағытта жеңіл жүгіру. Жұппен доп домалату және қақпаға бағыттау. Ырғақтық жаттығу: «Жүгіртоқтақол соқ» ырғағымен үш қимылды алмастыру. | Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру, жан-жаққа созу, шапалақтау, денені бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені көтеру және жеңіл отырып-тұрудан тұратын таныс кешен. Негізгі қимылдар: 1-бекет: сапта бір-бірден жүру; 2-бекет: аяқ ұшымен және тізені жоғары көтеріп жүру; 3-бекет: шеңбер бойымен жүру; 4-бекет: жеңіл жүгіру және белгіде тоқтау; 5-бекет: допты жұбына және қақпаға домалату. Ырғақтық жаттығу: Балаларға таныс әуенмен «жүртоқташапалақта бұрыл» қимылдарын еркін қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Балалардың дербес әрекеті** құмды қалақпен қазып, қалыптарды пайдаланып қарапайым қамал жасау, құмды үйіп ойнау. **Қимылды ойын** «Жел соғып тұр», аланда жеңіл жүру немесе жүгіру, тәрбиешінің белгісі бойынша тоқтау. **Ұлттық ойын** «Қуыр-қуыр қаз», тәрбиешінің көрсетуімен қол және саусақ қимылдарын қайталау. **Бақылау, зерттеу** күзгі аспанды бақылау, аспанның түсіне және бұлттардың қозғалысына назар аудару. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен алаңдағы қауіпсіз ұсақ қоқыстарды жинап, арнайы ыдысқа салу. | **Балалардың дербес әрекеті** жерге түскен түрлі түсті жапырақтарды жинап, қолда ұстап көру және шағын гүл шоғына біріктіру. **Қимылды ойын** «Желмен ойнаймыз», қолды екі жаққа жайып, желмен қозғалған жапырақтар сияқты еркін жүру. **Ұлттық ойын** «Асықпен танысу», асықтарды ұстап көру, жинау және ыдысқа салу арқылы қарапайым әрекеттер орындау. **Бақылау, зерттеу** қызыл және сары жапырақтарды бақылау, түстерінің әртүрлілігіне назар аудару. **Еңбекке баулу** түскен жапырақтарды | **Балалардың дербес әрекеті** үлкен және кіші доптармен еркін ойнау, домалату, итеру және екі қолмен ұстау. **Қимылды ойын** «Секіріп өт», жердегі белгіленген сызықтан немесе аласа кедергіден аттап, секіруге талпыну. **Ұлттық ойын** «Қуыр-қуыр қуырмаш», тәрбиешінің көрсетуімен қарапайым саусақ және қол қимылдарын қайталау. **Бақылау, зерттеу** таза және жинақы ауланы бақылау, ойын | **Балалардың дербес әрекеті** құм бетіне саусақпен немесе таяқшамен еркін сызықтар мен қарапайым іздер салу. **Қимылды ойын** «Құс ұшты», қолды екі жаққа жайып, қанат сияқты сермеп, аланда еркін жүру. **Ұлттық ойын** «Арқан тарту» жеңілдетілген нұсқасы, жұмсақ арқанды екі қолмен ұстап, тәрбиешімен бірге өзіне қарай жеңіл | **Балалардың дербес әрекеті** құрбыларым ен қол ұстасып, тәрбиешінің көмегімен бірге жүру және қарапайым қимылдар жасау. **Қимылды ойын** «Шеңбер құрып билеу», балалар қол ұстасып шеңбер бойымен баяу жүріп, әуенге сай қарапайым қимылдар орындайды. **Ұлттық ойын** «Қарагие» жеңілдетілген нұсқасы, қауіпсіз жұмсақ құралмен тәрбиешінің көрсетуі бойынша қарапайым қимылдар орындау. **Бақылау, зерттеу** күзгі ауа райын бақылау, желді сезіну, аспан мен айналадағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиешінің көмегімен жинап, белгіленген жерге салу. | алаңындағы заттардың орналасуына назар аудару. **Еңбекке баулу** тәрбиешім ен бірге алаңдағы жапырақтарды жинап, ауланы таза ұстауға қатысу. | тарту. **Бақылау, зерттеу** күзгі табиғатты бақылау, сарғайған шөптер мен жапырақтардың түсіне назар аудару. **Еңбекке баулу** тәрбиеші нің көмегімен қауіпсіз ұсақ тастарды жинап, белгіленген жерге қою. | табиғат өзгерістеріне назар аудару. **Еңбекке баулу** ойыннан кейін ойыншықтарды бірге жинап, оларды белгіленген орындарына қою. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату. | Балалалардың тыныш ұйықтауына | Балалар ұйықтайтын | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бесік жырын тыңдату. **Салауатты өмір салты** | **Салауатты өмір салты** | жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты** | бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **Салауатты өмір салты** | Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру **Салауатты өмір салты** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **2 жастағы балалар:** «Көкөністер мен жемістер»<br><br>Әдіс-тәсіл: сенсорлық зертхана «Сиқырлы себет» жабық себеттен алма, алмұрт, жүзім үлгілері алынады. Балалар қарайды, ұстайды, түсін, көлемін атайды. | **2 жастағы балалар:** «Көкөністер әлемі» Әдіс-тәсіл: квест «Көкөністі тап» топ ішінде қызанақ, қияр, сәбіз бейнелері жасырылып қойылады. Балалар ауызша нұсқаулар арқылы іздеп табады. Тіл дамыту: қызанақ, қияр, сәбіз, қызыл, | **2 жастағы балалар:** «Түсі, пішіні, дәмі қандай?» Әдіс-тәсіл: STEAM «Дәм мен пішін зертханасы» балалар қауіпсіз үлгілерді ұстап, иіскеп, сыртқы белгілерін | **2 жастағы балалар:** «Кішкентай бағбандар» Әдіс-тәсіл: эко-зерттеу балалар бөлме өсімдігін немесе ойыншық гүлді бақылайды. Су құю, суару | **2 жастағы балалар:** «Дәрумендер мерекесі» Әдіс-тәсіл: сюжеттік-рөлдік ойын «Дәрумендер кафесі» топта шағын «кафе» ұйымдастырылады. Бір бала – сатушы, екіншісі – сатып алушы, өзгелері жеміс-көкөністерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тіл дамыту: алма, алмұрт, жүзім, қызыл, жасыл, тәтті, үлкен, кіші сөздерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: жемістер туралы қысқа тақпақты тыңдау және тәрбиешімен бірге қайталау.<br>Сенсорика: жемістерді түсі, көлемі, пішіні бойынша топтастыру.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Тұқымның құпиясы»<br>Эксперимент-зерттеу: «Тұқым қалай өседі?»<br>Балаларға әртүрлі тұқымдар көрсетіледі. Олар тұқымдардың түсін, көлемін, пішінін салыстырады. Тәрбиеші: «Осы кішкентай тұқымнан не өседі?», «Өсу үшін оған не қажет?» деген сұрақтар қояды. Балалар өз болжамдарын айтады. Кейін тұқымды мақтаға немесе топыраққа орналастыру әрекеті көрсетіледі. Бір үлгіге су құйылып, екіншісіне су құйылмайды. Балалар кейінгі күндері өзгерісті бақылау үшін екі үлгіні салыстырады.<br>Тіл дамыту:<br>Тұқым, топырақ, су, өсу, | жасыл, ұзын, дөңгелек сөздерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: көкөністер туралы шағын әңгімені тыңдау.<br>Сенсорика: қызанақты дөңгелек, қиярды ұзынша пішіні бойынша ажырату; қызыл мен жасылды топтау.<br>Құрастыру: бақшаға қоршау жасау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Өсімдікке суды қалай жеткіземіз?»<br>STEM-модельдеу: «Суару жүйесін жасаймыз»<br>Балаларға проблемалық жағдай ұсынылады: «Өсімдік бақшаның арғы жағында тұр. Суды оған қалай жеткіземіз?» Балалар өз ұсыныстарын айтады. Құрылыс бөлшектерінен ұзын және қысқа арна, жол немесе науа жасап көреді. Қай жолмен су тез және дұрыс жететінін салыстырады.<br>Тіл дамыту: | салыстырады.<br>Тіл дамыту: тәтті, қышқыл, жұмсақ, қатты, дәмді сөздерін енгізу.<br>«Алма тәтті», «Қияр жасыл» сияқты сөз тіркестерін қолдану.<br>Көркем әдебиет: жемістер туралы ырғақты өлеңді қайталау.<br>Сенсорика: «қызылын ал», «үлкенін көрсет», «дөңгелегін сал» сияқты ауызша нұсқауларды орындау.<br>Құрастыру: екі жәшік құрастыру: бірі жемістерге, бірі көкөністерге.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Бағбанға қандай құрал қажет?»<br>Зерттеу-кейс: «Дұрыс құралды таңда»<br>Балаларға бірнеше еңбек жағдайы ұсынылады: «Гүлге су керек», «Топырақты | әрекеттерін тәрбиешімен бірге орындайды.<br>Тіл дамыту: суару, құю, жуу, жинау етістіктерін нақты әрекетпен бекіту.<br>Көркем әдебиет: өсімдік туралы шағын әңгімені тыңдау, солған гүлге жанашырлық білдіру.<br>Сенсорика: жемістер мен көкөністерді түсіне және пішініне қарай екі топқа бөлу.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Бақшада не өзгерді?»<br>Бақылау-зерттеу: «Тұқымнан өнімге дейін»<br>Балаларға тұқым, өскін, жас өсімдік, гүлдеген | сөреге орналастырады.<br>Тіл дамыту: «Маған алма бер», «Мен қияр аламын», «Алма тәтті», «Қызанақ қызыл» сияқты қарапайым сөйлемдерді қолдану.<br>Көркем әдебиет: жемістер мен көкөністер туралы таныс тақпақтарды қайталау.<br>Сенсорика: жемістер мен көкөністерді түсі, көлемі, пішіні бойынша сұрыптау.<br><br>**3 жастағы балалар:**<br>«Бақша зерттеу орталығы»<br>Жобалық жұмыс: «Өнім жәрмеңкесі»<br><br>Балаларға аптаның қорытынды жобасы ұсынылады. Топ ішінде шағын «Бақша жәрмеңкесі» ұйымдастырылады. Балалар бірнеше рөлге бөлінеді: бағбан, зерттеуші, сұрыптаушы, сатушы, сатып алушы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өскін, кішкентай, үлкен сөздерін қолдану. А, ә, о, ұ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру. «Тұқымды топыраққа саламыз», «Тұқымға су құямыз», «Өскін өседі» сияқты байланысты сөйлемдер құрау.. Көркем әдебиет: Тұқымның өсуі туралы шағын әңгімені тыңдау. «Кішкентай тұқым» бейнесін есте сақтау, оқиғаның мазмұнын қарапайым сұрақтар арқылы түсіну. | Су, арна, бақша, өсімдік, ұзын, қысқа, кең, тар, ағады сөздерін қолдану. С–з, т–д дыбыстарын анық айту. «Су ұзын арнамен ағады», «Бұл жол кең» сияқты сөйлемдер құрау. Қазақ тілі: «Су ағады», «Өсімдікке су керек», «Мен гүлді суарамын» сөйлеу үлгілерін қолдану. | қопсыту қажет», «Піскен өнімді жинаймыз», «Жапырақтарды жинау керек». Балалар су құятын ыдыс, күрек, тырма, себет бейнелерінің ішінен қажетті құралды таңдап, не үшін қажет екенін түсіндіреді. Тіл дамыту: Күрек, тырма, себет, су құятын ыдыс, жинау, қопсыту, суару сөздерін сөздік қорға енгізу. К–қ, ж–ш дыбыстарын анық айту. «Күрекпен топырақты қопсытамыз», «Себетке өнім саламыз» сияқты сөздерді грамматикалық жағынан байланыстыру. Қазақ тілі: «Маған күрек керек», «Мен су құямын», «Себетке сәбіз саламын» | өсімдік, өнім бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар суреттерді бақылап, өзгерістерді табады. «Алдымен не болды?», «Кейін не шықты?», «Өсімдік қалай өзгерді?» сұрақтарына жауап береді. Тіл дамыту: Өсу, шығу, үлкею, гүлдеу, пісу сөздерін қолдану. «Алдымен тұқым болды. Кейін өскін шықты. Өсімдік үлкейді» деп оқиғаларды ретімен байланыстырып айту. Қазақ тілі: «Тұқым кішкентай», «Өскін өсті», «Қызанақ пісті» сияқты қарапайым сөйлемдермен | Бағбандар өнімдерді жинайды. Зерттеушілер олардың түсі, пішіні, көлемін сипаттайды. Сұрыптаушылар көкөністер мен жемістерді тиісті топқа бөледі. Сатушылар өнімдерді сөреге орналастырады. Сатып алушылар қарапайым диалог арқылы өзіне қажетті өнімді сұрайды. Тіл дамыту: А, ә, е, о, ұ дауысты және п–б, к–қ, т–д, ж–ш, с–з дауыссыз дыбыстарын таныс сөздер арқылы бекіту. Сөздік қорда: бағбан, бақша, өнім, сәбіз, қияр, қызанақ, алма, себет, жинау, суару, сату, алу. «Сәбіз ұзын», «Қызанақ қызыл және дөңгелек», «Мен себетке қияр салдым» сияқты байланысты сөйлемдер құрау. Көркем әдебиет: Апта ішінде тыңдаған бағбан, өсімдік, еңбек туралы шағын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарапайым сөйлемдері. Көркем әдебиет: Бағбан еңбегі туралы шағын әңгімені тыңдап, еңбекқор кейіпкердің әрекетін атау. | табиғаттағы өзгерісті сипаттау. Көркем әдебиет: Өсімдіктің өсуі туралы шағын әңгімені тыңдау. Оқиғаның негізгі ретін есте сақтау. | мәтіндерді еске түсіру. Еңбекке қатысты бейнелі сөздерді қайталау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алманы тап» **Мақсаты:** Жемістерді ажыратып тануға үйрету, сөздік қорын дамыту. **Шарты:** Үстелге алма мен басқа ойыншықтарды қойып, «Алма қайда?» деп сұрау. Бала көрсетсе мақтап, «Алма» деп бірнеше рет айту. | «Қол шапалақтайық» **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, есту арқылы әрекет жасауға үйрету. **Шарты:** Қарапайым ән қосып, баламен бірге шапалақтау. «Шапалақ» сөзін қайталау. | «Әуен тыңдайық» **Мақсаты:** Музыкаға қызығушылық ояту, есту қабілетін дамыту. **Шарты:** Баланың сүйікті әуенін қосып, билеуін қолдау. Ән ырғағына сәйкес дене қимылдарын қайталау. | «Қызыл мен көкті ажырат» **Мақсаты:** Негізгі түстерді тануға үйрету. **Шарты:** Қызыл және көк түсті ойыншықтарды көрсетіп, «қайсысы қызыл?», «қайсысы көк?» деп сұрау. | «Сумен ойнайық» **Мақсаты:** Қолдың қимылын жетілдіру, ұсақ моториканы дамыту. **Шарты:** Ыдыстарға су құйып, бір ыдыстан екіншісіне құюды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **«Күзгі бақша»**<br>**Мақсаты:** Еңбекке баулу, моторикасын дамыту.<br>**Шарты:** Балалар жердегі ойыншық жемістерді, жапырақтарды жинап, себетке салады. | **«Жаңбыр жауды» (қайталау)**<br>**Мақсаты:** Шапшандық пен ептілікті дамыту.<br>**Шарты:** «Жаңбыр» жауған кезде балалар тығылады, тоқтағанда қайтадан жүгіреді. | **Жапырақтар шашылды»**<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялау, қимыл белсенділігін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар жапырақтарды жоғары лақтырып, қайта жинайды. | **«Балапандар мен қораз»**<br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар балапан болып жүреді. «Қораз шақырды» дегенде бәрі қораздың артына жиналады. | **«Желмен ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:** Үйлесімділікті, тыныс алу жаттығуын дамыту.<br>**Шарты:** Балалар шарды немесе жапырақты үрлеп, бір-бірімен жарысады. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және** | **Құрастыру:** жемістерге арналған сөре немесе жәшік жасау. | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** қызанақ, қияр туралы қарапайым түсінік | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** жеміс пен көкөністі | **Құрастыру:** бақша қоршауын және жеміс ағашына | **Құрастыру:** кафе сөресін, үстел мен орындықты құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** жемістер туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, алманың сыртқы белгілерін бақылау.<br>**Сурет салу:** тұйықталған дөңгелек сызықпен алма салу.<br>**Мүсіндеу:** ермексаздан алма домалату.<br>**Жапсыру:** фланелеграфт а «Жемістер себетін» құрастыру. | қалыптастыру; көкөністердің өсімдік екенін түсіндіру.<br>**Сурет салу:** қызанақты дөңгелек сызықпен, қиярды ұзынша тұйық сызықпен бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:** қызанақ пен қияр жасау.<br>**Жапсыру:** «Бақшадағ ы көкөністер» композициясы. | жемес бұрын жуу қажеттігін түсіндіру.<br>**Сурет салу:** әртүрлі көлемдегі дөңгелек және ұзынша бейнелер.<br>**Мүсіндеу:** үлкен және кіші жемістер.<br>**Жапсыру:** жеміс тер мен көкөністерді екі себетке бөліп орналастыру. | арналған алаңды құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** өсі мдіктерге су мен күтім қажет екенін түсіндіру, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Сурет салу:** «Жаңбыр жауды» – тік сызықтар; «Шөп өсті» – қысқа тік және көлбеу сызықтар.<br>**Мүсіндеу:** бақш а өнімдерін жасау.<br>**Жапсыру:** орта қ «Бақ пен бақша» панносы. | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** көкөніс тер мен жемістердің тағам ретінде қолданылатынын, оларды жуып жеу керектігін бекіту.<br>**Сурет салу:** «Дәрумендер себеті» – дөңгелек, ұзынша, тік және көлденең сызықтарды қолдану.<br>**Мүсіндеу:** алма, қызанақ, қиярды ермексаздан жасау.<br>**Жапсыру:** ортақ «Дәрумендер себеті» композициясын фланелеграфта құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйге келгеннен кейін баланың қолын сабынмен жууына көмектесіңіз. Қол жуу кезінде әрекеттерді өзіңіз көрсетіп, қарапайым тазалық дағдыларын қалыптастырыңыз. Одан кейін текше құрастыру, | Балаға қысқа, түсінікті және суреті көп кітап немесе ертегі оқып беріңіз. Суреттердегі таныс заттар мен жануарларды саусақпен көрсетіп, атауларын өзіңіз | Баламен бірге серуендеп, жерге түскен жапырақтарды бақылаңыз және қауіпсіз жапырақтарды бірге жинаңыз. Олардың түсі мен | Баланың балабақшадан кейінгі көңіл-күйіне назар аударыңыз. «Доп ойнадың ба?», «Серуендедің бе?» деп сұрап | Ойын аяқталғаннан кейін ойыншықтарды баламен бірге жинаңыз. «Допты сал», «Машинаны қой», «Текшені жина» сияқты қысқа нұсқауларды қимылмен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кітап қарау сияқты тыныш ойындарға уақыт бөліңіз. | айтыңыз. Баладан қайталап айтуды талап етпей, тыңдауын және қызығушылық танытуын қолдаңыз. | көлемінің әртүрлі екенін көрсетіңіз. «Жапырақ», «үлкен», «кіші» сияқты қарапайым сөздерді өзіңіз айтып, баланың тыңдауына және көрсетуіне мүмкіндік беріңіз. | қинамай, қарапайым сөздермен қарым-қатынас жасаңыз. Қағаз бен қауіпсіз қарындаш беріп, еркін сызықтар мен шимайлар салуына мүмкіндік беріңіз. | көрсетіңіз. Баланың ойыншықтарды орнына қоюға қатысуын мақтап, қарапайым еңбек пен ұқыптылық дағдыларын қалыптастырыңыз. |